**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**ХАТТАМА**

13.06.2023 ж. №6 Шымкент қ.

**Іс-шара түрі:** Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі
**Төрайым -** Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Кудышева А.А
**Хатшы -** Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы А.Е. Айтбаева.
**Қатысқандар:** қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, А.А.Кудышева: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде үш негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі негізгі сұрақ үшін регламент 10-20 минут, әртүрлі мәселе бойынша 3-5 минутқа дейін деп белгіленеді. Пікір айтушылар үшін 2-3 минутқа дейін уақыт беріледі. Регламентпен келісетін болсаңыздар, құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №6 Академиялық кеңес мәжілісінің

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Факультеттердің 2022-2023 оқу жылына жоспарлаған оқу-әдістемелік жұмыстарының есебі.
Спикер: Факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарға жауапты оқытушылары
2. Университеттің 2023-2024 оқу жылына дайындық жұмыстары жайлы.
Спикер: Факультет декандары. Кафедра меңгерушілері
4. Әр түрлі мәселелер
1. Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы
Спикер: Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы А.Е. Айтбаева

**1 Факультеттердің 2022-2023 оқу жылына жоспарлаған оқу-әдістемелік жұмыстарының есебі.**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Арыстанова Шолпан Сәбитовна: «Өнер және білім» факультетінің 2022-2023 оқу жылына жоспарлаған оқу–әдістемелік жұмыстардың орындалу барысы:**

**Тайтелиева Майра Абдикаимовна:** Филология факультетіне қарасты оқытушы-профессорлар құрамының дайындалған оқу-әдістемелік жұмыстарынын 2022-2023 оқу жылына барлығы 14 оқу құралы, 5 оқу әдістемелік құралы мен 4 әдістемелік нұсқау шығару жоспарланып, 3 оқу әдістемелік құралы және 2 әдістемелік нұсқау баспаға ұсынылды. Ф.ғ.к., доцент У.К.Абдыхановтың «Тексты и задания практических занятий по историй русской литературе XX века» атты оқу әдістемелік құралы бүгінгі Академиялық кеңесінің талқысына ұсынылып отыр. Барлығы 17 ашық сабақ, 52 өзара сабаққа қатысу, 26 семинар өткізу жоспарланып,
12 ашық сабақ, 42 өзара сабаққа қатысу, 20 семинар өткізілді

**Битимирова Алия Еркегуловна:** Жаратылыстану факультетіне қарасты оқытушы-профессорлар құрамының дайындалған оқу-әдістемелік жұмыстарынын саны – 5- оқу құралы, 1-Электрондық оқу құралы, 1-оқу-әдістемелік құрал, 1- оқу-әдістемелік нұсқау. Химия кафедрасы бойынша жоспар бойынша-7; орындалғаны-2; орындалмағаны-5; Биология кафедрасы бойынша жоспар бойынша-3; орындалғаны- 2; орындалмағаны-1; География кафедрасы бойынша жоспар бойынша-6, орындалғаны-3, орындалмағаны-3. Факультет бойынша 8 ашық сабақ, 13 өзара сабаққа қатысу, 7 семинар өткізілді

**Айдарбеков Копжасар Джасузакович:** Дене шынықтыру және спорт факультет бойынша 2022-2023 оқу жылының 3-ашық сабақтар жоспар бойынша өткізілді. 4 оқу-әдістемелік семинар өтті. Оқытушы-профессорлардың оқу-әдістемелік жұмыстарының орындалуы – 3 оқу құралы, 4- оқу-әдістемелік құрал екінші жарты жылдыққа жоспарланған, бірақ бүгінгі күнге дейін орындалмады.
**Зауре Бекеновна Куанышбаева**: Тарих және педагогика факультетіне қарасты профессор-оқытушылар құрамы 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 2 оқулық, 11 оқу құралы, 16 оқу-әдістемелік құралы, 6 әдістемелік нұсқаулық жоспарланған. Жоспарланған 2 оқулық факультет кеңесінде қайта өңделуге жіберілді. Жоспар бойынша 5 оқу құралы, жоспардан тыс 1 оқу құралы әзірленді. 16 оқу-әдістемелік құралдың 7-уі әзірленді, оның 4-і электронды оқу құралы.
**Егембергенова Маржан:** Физика-математика факультет бойынша 2022-2023 оқу жылының 8-ашық сабақтар және 8 өзара сабақ жоспар бойынша өткізілді. 10 оқу-әдістемелік семинар өтті. Оқытушы-профессорлардың оқу-әдістемелік жоспарланған 10 оқу құралы мен 9 оқу әдістемелік құралдардың орындалуы –3-оқу құралы: 2-оқу-әдістемелік құрал.

**1. ШЕШІМ:** Факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарға жауаптылардың мәліметі есепке алынсын. Жоспарланған оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдардың орындалуын кафедра меңгерушілері қадағаласын.

**2. Университеттің 2023-2024 оқу жылына дайындық жұмыстары жайлы.**

**2.1 Формальды емес білім арқылы білім алушылар алған оқу нәтижелерін тану ережелері (ЖАОК)**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Бердалиев Даулетбай Турдалиевич: НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

I. Білім туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

37-бап. Қосымша білім беру

2. Ересектерге (он сегіз жасқа толған адамдарға) білім беру қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білім мен дағдылардың қосымша көлемін алу үшін олардың өмір бойы білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Ересектердің білім мен дағдылардың қосымша көлемін алуы қосымша және формальды емес білім беру арқылы жүзеге асырылады.

Ересектерге формальды емес білім беруді оқудың орны, мерзімдері және нысаны есепке алынбай көрсетілетін білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жүзеге асырады және ол оқыту нәтижелерін растайтын құжат берумен бірге жүргізіледі.

Ересектердің формальды емес білім беру арқылы өмір бойы алған оқу нәтижелері осы Заңда көзделген тәртіпке сәйкес танылады және одан әрі жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі.

II. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

22. ЖЖОКБҰ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысымен бекітілген Өмір бойы оқыту тұжырымдамасына (үздіксіз білім беру) сәйкес формальды емес білім берудің, оның ішінде микровалификацияларды, нано-кредиттерді және арттырылатын дәрежелерді (Stackable degree (стакэбл дегри) **оқыту нәтижелерін тануды дербес жүзеге асырады**.

32. Жоғары білімнің қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі бағдарлама немесе жоғары білім беру бағдарламасы базасында немесе жалпы орта білім беру бағдарламасы базасында оқуға түскен студенттерге академиялық кредиттердің саны және жоғары білімнің білім беру бағдарламасының қажетті көлемі **ЖЖОКБҰ-ның бұрын қол жеткізген формалды және**

**формалды емес білім беруде қол жеткізілген оқу нәтижелерін тануды сәйкес дербес айқындайды**.

67.Докторантураның білім беру бағдарламасына түсу және оның бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда алдыңғы білім беру деңгейінің Оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады;

докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантқа игеру үшін Пререквизиттер белгіленеді.

Қажетті пререквизиттер тізбесі мен оларды игеру мерзімдерін ЖЖОКБҰ дербес анықтайды. ӘАОО-ны қоспағанда, пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

Пререквизиттер ретінде докторант тануды ЖЖОКБҰ Заңның 5-бабының 38-3) тармақшасына сәйкес жүзеге асыратын тиісті деңгейдің формалды емес білім берудегі оқыту нәтижелерін ұсына алады.

**III. "Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 145 бұйрығы.

40. Білім алушының алдыңғы оқу деңгейлерінде және формальды және формальды емес білім берудің басқа ұйымдарында қол жеткізген оқу нәтижелері мен алған оң бағаларын ЖЖОКБҰ академиялық кредиттерді қайта санау арқылы дербес таниды.

42. Барлық академиялық кредиттер және білім алушының формальды және формальды емес білім берудегі алған оқу нәтижелері бүкіл өмір бойы жиналады және ЖЖОКБҰ дербес қайта есептейді.

**IV. Формальды емес білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар беретін формальды емес білім арқылы ересектер алған оқу нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 508 бұйрығы

6. Оқу нәтижелерін тану үшін білім беру ұйымы комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

7. Комиссия құрамына білім беру ұйымдарының оқытушылары кіретін мүшелердің тақ санынан тұрады

8. Комиссия мүшелерінің ішінен көпшілік дауыс беру арқылы комиссияның қызметін басқаратын комиссия төраға сайланады, ол болмаған жағдайда оның міндетін төрағаның орынбасары атқарады.

Комиссия хатшысының функцияларын комиссия мүшесі болып табылмайтын білім беру ұйымының маманы орындайды

9. Комиссияның шешімі еркін нысандағы хаттамамен ресімделеді.

10. Формальды емес білім беру арқылы алған оқу нәтижелерін тану үшін өтініш білдірген тұлға (бұдан әрі – Үміткер) Комиссия қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

формальды емес білім беру арқылы алған оқу нәтижелерін тану туралы еркін нысандағы өтініш;

жеке куәліктің көшірмесі;

оқу нәтижелерін растайтын құжат.

11. Комиссия осы Қағидалардың 10-тармақшасында көрсетілген құжаттардың болуын тексереді.

12. Комиссия үміткердің білім, іскерлік және дағдыларының деңгейін анықтау үшін сұхбат жүргізеді.

13. Сұхбат қорытындысы бойынша Комиссия оқу нәтижелерін тану туралы не бас тарту туралы шешім қабылдайды.

14. Комиссияның шешімі комиссияның отырысына қатысушылардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

**V. Формальды емес білім беретін ұйымдарды тану және формальды емес білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 537 бұйрығы.

**2.1 Шешім:** Формальды емес білім арқылы білім алушылар алған оқу нәтижелерін тану ережелері жаппай ашық онлайн курстарын пайдаланғанда қолданылсын.
2023-2024 о.ж Білім алушылардың жаппай ашық онлайн курстарынан өтуін және кредиттерін есепке алуы ұйымдастырылысын.

**2.2 2023-2024 о.ж. бағалау жүйесі туралы**

**Тыңдалды:**

**Бердалиев Даулетбай Турдалиевич:** Білім алушылардың үлгерімін бағалау ағымдық пен межелік бақылаулардың және аралық аттестаттаудың балдарынан тұрады. Бақылаудың барлық түрі 100 балдық шкалада бағаланады.

Ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лабораториялық, семинар, студиялық, БӨЖ (СОӨЖ/СӨЖ, МОӨЖ/МӨЖ, ДОӨЖ/ДӨЖ) және т.б. сабақтарында 100 балдық шкалада бағалап электрондық журналға қояды. Ағымдық бақылаудың қорытынды балы сабақтардың түрлері бойынша балдардың үлес салмағы ескеріліп есептеледі. Сабақтардың түрлері бойынша балдарының үлес салмағы келесі кестеге сәйкес болады.

| Сабақтың түрлері | Үлес салмағы | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Лекция (L) | $K_1$ | 0,2 | 0,2 | 0,2 | 0 | 0,7 | 0 | 0 |
| Практикалық (Семинар) сабақ (P) | $K_2$ | 0,5 | 0,2 | 0 | 0,7 | 0 | 0 | 0 |
| Лабораториялық (Зертханалық) сабақ (Z) | $K_3$ | 0 | 0,3 | 0,5 | 0 | 0 | 0 | 0,7 |
| Студиялық сабақ (S) | $K_4$ | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0,7 | 0 |
| БӨЖ (B) | $K_5$ | 0,3 | 0,3 | 0,3 | 0,3 | 0,3 | 0,3 | 0,3 |
| Жалпы | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | |

Бағалауды компьютер төменде көрсетілген формулаларға сәйкес автоматты түрде жүргізеді.

$$АБ1(АБ2) = K_1 \cdot L_{ор} + K_2 \cdot P_{ор} + K_3 \cdot Z_{ор} + K_4 \cdot S_{ор} + K_5 \cdot B_{ор}$$

$L_{ор}$-лекция бойынша, $P_{ор}$-практика бойынша, $Z_{ор}$-зертханалық сабақ бойынша, $S_{ор}$-студиялық сабақ бойынша, $B_{ор}$- БӨЖ бойынша орташа балдар.

7-ші және 15-ші апталардағы қорытынды рейтинг балы келесі түрде есептеледі:
$P1(P2) = 0,6 * АБ1(АБ2) + 0 * 4 * МБ1(МБ2)$

Р1 - бірінші рейтинг, Р2 - екінші рейтинг.

Емтиханға жіберу рейтингісі есептеу:

$$РЖ = \frac{P1 + P2}{2}$$

Емтиханға жіберу рейтингісі **РЖ≥50** болу керек.

Ағымдық және межелік бақылаулар білім алушының қорытынды балының 60%-ын құрайды, ал қалған 40%-ды емтиханнан жинайды.

**Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:**

**Қорытынды бағалау (ҚБ) = 0,6*РЖ+0,4*Е**

**Назар аударыңыздар:** Қорытынды бақылаудың оң бағасын емтихан сессиясының осы кезеңінде көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

"FX" "қанағаттанарлықсыз" бағасын алған білім алушы оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпей, университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды бір рет тапсыруға рұқсат беріледі.

"F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" бағасын алғанда білім алушы осы оқу пәніне қайта жазылады, дәрістердің барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

**Тапсырмалар және оларды тапсыру мерзімі**
**(**Бақылаудың барлық түрі 100 балдық шкалада бағаланады)

| **Рейтинг** | **Сабақ түрі** | **Тапсырма** | **Тапсыру мерзімі (апта, күні)** |
|---|---|---|---|
| **Р1** | **Ағымдық бақылау 1 (АБ1)** | | |
| | Лек | | |
| | Прак | | |
| | Лаб | | |
| | БӨЖ | | |
| | | | |
| | **Межелік бақылау 1 (МБ1)** | | **7 апта** |
| **Р2** | **Ағымдық бақылау 2 (АБ2)** | | |
| | Лек | | |
| | Прак | | |
| | Лаб | | |
| | БӨЖ | | |
| | | | |
| | **Межелік бақылау 2 (МБ2)** | | **15 апта** |
| **ҚБ** | **Қорытынды бақылау (Емтихан)** | | **Кесте бойынша** |

**2.2 Шешім: 2023-2024 о.ж. бағалау жүйесі туралы берілген мәліметтер оқу жұмыс бағдарламасына енгізіліп, оқу процесіне қолданылсын.**

**2.3 2023-2024 оқу жылында қабылданатын магистратураның білім беру бағдарламаларының биіндік пәндерін үш тілде (10%-ағылшын, 20% –орыс, 70%- қазақ тілдерінде ұйымдастыру**

**Тыңдалды:**

**ЖООКББИ директоры А.Н.Жылысбаева:** Магистратураның білім беру бағдарламаларының пәндерін үш тілде оқыту маңыздылығы қазіргі уақыттың талабына сай болып табылады. Білімгерлерге үш тілді оқыту оқу процесін кеңейтеді және олардың тілдік

құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі жаһандану заманында тілді меңгеру білімгерлерге үлкен мүмкіндіктер береді. Олардың ойлау, сараптама, талдау және жазу кезінде тілдер арасындағы байланыстарды құруға және ортақ жасауға болатын мәселелерге шешім табу мүмкіндігін береді.

Магистратураға түсу үшін барлық талапкерлер ағылшын тілінде емтихан тапсырады, сондықтан магистранттар ағылшын тілін қандай да бір деңгейде игерген болуы керек. Соңғы жылдары университетте орыс топтарында аз комплекті топтар мәселесі туындап отыр. Осы топтарға сабақ беретін оқытушылар сағаты да топ студенттерінің аздығына байланысты қысқартылып саналады. Осы мәселелерді шешу және магистранттардың тілдік құзыретін дамыту мақсатында 2023-2024 оқу жылынан бастап қабылданатын магистратура білім беру бағдарламаларын үш тілде оқыту ұсынылады, яғни 10%-ағылшын, 20% –орыс, 70%- қазақ тілдерінде ұйымдастыру ұсынылады.

**2.3. Шешім:** 2023-2024 оқу жылынан бастап қабылданатын магистратура білім беру бағдарламаларын үш тілде оқыту жүзеге асырылсын, яғни 10%-ағылшын, 20% –орыс, 70%- қазақ тілдерінде ұйымдастыру.

**2.4 2023-2024 о.ж. Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарын ұйымдастыру туралы**

**Тыңдалды:**

**Интернационалдандыру офисінің басшысы -Абдуразова Перизат Адилбековна:**

*1. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру туралы құжаттамалық процедура атауын «Академиялық ұтқырлық туралы ереже» деп өзгерту және Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу.*

Академиялық ұтқырлық қаржыландырылуы мүмкін:

- республикалық бюджет қаражаты;
- ақылы қызметтерді іске асырудан ОҚМПУ кірістері;
- жұмыс берушілердің, әлеуметтік, академиялық және ғылыми әріптестердің, халықаралық және отандық қорлардың гранттары және стипендиялары;
- білім алушылардың және ОПҚ (ӘБҚ) жеке қаражаты.

Үміткерлерді іріктеу және тәжірибе алмасудан өту қағидалары туралы

Ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық: 4 айдан - 1 оқу жылы

Үміткерге қойылатын талап:

- өз қолымен жазылған ректор атына өтініш;
- түйіндеме (резюме);
- білімі жайында ағымдағы транскрипт: үміткерлердің өзін-өзі қаржыландыру бағдарламасына қатысу үшін – кемінде – 2,67, ОҚМПУ қаражаты есебінен қаржылық қолдау алу үшін – кемінде 3,67 және республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржылық қолдау алу үшін – кемінде 3,33 балл болуы тиіс.
- жеке оқу жоспары;
- шетел тілі деңгейін бағалаудың халықаралық жүйесі бойынша (IELTS 5.5+, TOEFL IBT 87+, TOEFL ITP 567+, DET 95+, YUNUS EMRE, TOMER) немесе шет тілін оқытатын білім беру ұйымы берген сертификат көшірмесі.

- Іріктеу: 3 кезеңде өтеді – 1)құжаттарды қабылдау 2) Сараптама комиссиясымен әңгімелесу 3) Комиссия қорытындысы
- Ескерту: Үміткерлерді іріктеу кезінде тең балл алған жағдайда: мүгедектігі бар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы және/немесе аз қамтылған отбасының балаларына, тілдік құзіреттілікті растайтын сертификатқа ие білім алушыларға басымдық беріледі.
- Қысқа мерзімді академиялық ұтқырлық: 10 (он) жұмыс күні - 4 айға дейін

❖ Үміткерге қойылатын талап: Зерттеулер жүргізу, дәріс оқу, тағылымдамадан өту, біліктілікті арттыру, және халықаралық конференциялар/симпозиумдарға қатысу мақсатымен шетелдік және отандық іссапарға шығатын білім алушылар, профессорлық оқытушы құрамы мен қызметкерлер алдын-ала қарастыру үшін ИО келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- өз қолымен жазылған ректор атына өтініш;
- түйіндеме (резюме);
- шақырушы университет ұсынған тағылымдаманың бағдарламасы және/немесе шақырудың көшірмесі;
- іссапарға шығушының титул парағымен рәсімделген мемлекеттің, қала мен шақырған ЖОО-ның аты, іссапар мерзімі, мақсаты, жоспарлаған жұмыс түрілері көрсетілген іссапар жоспары;
- шетел тілі деңгейін бағалаудың халықаралық жүйесі бойынша (IELTS 5.5+, TOEFL IBT 87+, TOEFL ITP 567+, DET 95+, YUNUS EMRE, TOMER) немесе шетел тілін оқытатын білім беру ұйымы берген сертификат көшірмесі.
- Ескерту: Ғылыми тағылымдама мен біліктілікті арттыру мақсатымен шетелге шыққан
- тұлғалар үшін қабылдаушы ЖОО-дағы тағылымдама жетекшісінің ұсыныс хаты немесе
- пікірі, курстарды бітіру жөніндегі сертификат негізгі растайтын құжат болып табылады.
- Оқу нәтижелерін есепке алуды бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесін ECTS бағаларына ауыстыру (түрлендіру) эквиваленті
-

| **Баллдардың сандық эквиваленті** | **Пайыздық көрсеткіш** | **Әріптік жүйе бойынша баға (ОҚМПУ)** | **ECTS** | **Гази университетінің әріптік бағалау жүйесі** | **Дәстүрлі бағалау бойынша** |
|---|---|---|---|---|---|
| **4,0** | 95-100 | A | A | AA | Өте жақсы |
| **3,67** | 90-94 | A- | | | |
| **3,33** | 85-89 | B+ | B | BA | Жақсы |
| **3,0** | 80-84 | B | C | BB | Жақсы |
| **2,67** | 75-79 | B- | | | |
| **2,33** | 70-74 | C+ | | | |
| **2,0** | 65-69 | C | D | CB | Қанағаттанарлық |
| **1,67** | 60-64 | C- | | | |
| **1,33** | 55-59 | D+ | | | |
| **1,0** | 50-54 | D | E | CC | Қанағаттанарлық |
| **0** | 0-49 | F | FX, F | DD, FF | Қанағаттанарлықсыз |

-

**Шетелдік ғалымдардың академиялық ұтқырлығы**

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шақырылған шетел маманы лекциялар, семинарлар, тренингтер, мастер-кластар, курстар, білім алушыларға консультациялар, ғылыми және/немесе жобалық зерттеулерге қатысу үшін қысқа және/немесе ұзақ мерзімге ректордың немесе проректорлардың шақыруы бойынша келген ғалым немесе маман болып саналады.

- Егер шетелдік ғалым ҚР ҒЖБМ «Шетелдік ғалымды қазақстандық жоғары оқу орындарына тарту» бағдарламасы бойынша шақырылса, шетелдік ғалымның еңбекақысы ҚР ҒЖБМ тарапынан төленеді.
- Егер шетелдік ғалым университеттердің екі жақты келісімшарты негізінде шақырылса, шетелдік ғалымның еңбекақысы екі тараптың (университеттердің) өзара келісімі бойынша қарастырылады.

**Шақырылған шетелдік ғалымдарға (сарапшыларға) қойылатын талаптар:**

- соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі көрсетілген екі беттен аспайтын CV резюме;
- паспорт көшірмесі;

- академиялық/ғылыми дәрежесінің болуы;
- Хирш индексінің болуы;

- соңғы 3 жылдағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда ғылыми сала бойынша Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1, 2 және 3 квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын жарияланымдарының болуы;
- шетелдік жоғары оқу орнының немесе ғылыми мекеменің өкілі болуы (TOP-500 QS WUR құрамына кіретін шетелдік ЖОО басымдық беріледі).

**Шетелдік ғалымдарды (сарапшыларды) тарту үшін шығындар**

| | **Атауы** | **Базалық лауазымдық жалақы** | **Сағат бойынша ақы төлеу коэфициенті** | **Бір сағаттық төленетін тенге** | **Аумаққа байланысты тенге** | **1 күндік шығын тенге** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Жақын шетелден келген ғалымдар (сарапшылар) үшін (Ресей және ТМД)** | | | | | |
| 1 | Студенттермен | 17697 | 0,3 | 5309,10 | | |
| 2 | Магистрант/докторанттарға | | 0,5 | 8848,50 | | |
| 3 | ОПҚ | | 0,7 | № | | |
| | **Алыс шетелден келген ғалымдар (сарапшылар) үшін (АҚШ, Европа және Азия елдері )** | | | | | |
| 1 | Студенттермен | 17697 | 0,7 | 12387,9 | | |
| 2 | Магистрант/докторанттарға | | 0,9 | 15927,3 | | |
| 3 | ОПҚ | | 1,1 | 19466,7 | | |
| | **Басқа шығындар** | | | | | |
| 1 | Жол шығыны | | | | 50 000 - 300000 | |
| 2 | Тұру шығыны | | | | | 19500 |
| 3 | Резидент семестерге салық салу (20%) | | | | | |

**Ескертулер:**

- Соманы шетел валютасымен есептеген кезде валютаның қайта есебі төлеу күніндегі ҚР Ұлттық банктің ресми курсына сай жасалынады.
- Сағаттап төлеген кезде сағаттар нормасы күніне 6 (алты) академиялық сағатты құрайды.
- Шақырылатын ӘБҚ үшін қолданылмайды.

**2.4. Шешім:** Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру туралы құжаттамалық процедураның атауы «Академиялық ұтқырлық туралы ереже» деп өзгертіліп, Ережеге өзгерістермен және толықтыруларммен Ғылыми кеңеске ұсынылсын

**2.5 2023-2024 о.ж. 3 курс білім алушылар үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру туралы**

**Кәсіптік практика бөлімінің басшысы Коразбекова Карлығаш Усипханкызы:** 2023-2024 оқу жылында педагогикалық практиканы ұйымдастыру мен өткізуді оңтайландыру мақсатында 3 курс білім алушылары үшін педагогикалық практика академиялық кезеңмен қатар ұйымдастырылады. Төмендегі кестеде 3 курс білім алушылары үшін педагогикалық практиканың теориялық оқумен қатар ұйымдастыру кестесін ұсынамыз:

| Факультет атауы | Студент саны | Апта күндері | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| **Филология** | 726 | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу | теориялық оқу |
| **Өнер және білім** | 153 | теориялық оқу | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу |
| **Дене шынықтыру және спорт** | 418 | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу | теориялық оқу |
| **Тарих және педагогика** | 340 | теориялық оқу | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу |
| **Физика-математика** | 229 | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу | теориялық оқу |
| **Жаратылыстану** | 219 | теориялық оқу | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу |

**2.5 Шешім :** 2023-2024 оқу жылында 3 курс білім алушылары үшін педагогикалық практиканы академиялық кезеңмен қатар ұйымдастыру кестесі бекітілсін:

| Факультет атауы | Студент саны | Апта күндері | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| **Филология** | 726 | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу | теориялық оқу |
| **Өнер және білім** | 153 | теориялық оқу | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу |
| **Дене шынықтыру және спорт** | 418 | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу | теориялық оқу |
| **Тарих және педагогика** | 340 | теориялық оқу | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу |
| **Физика-математика** | 229 | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу | теориялық оқу |
| **Жаратылыстану** | 219 | теориялық оқу | теориялық оқу | практика | практика | теориялық оқу |

**3. Әр түрлі мәселелер**

**3.1 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Төрайым:** Университет оқытушы-профессорларының оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті. Баспадан шығарылатын оқу және оқу-әдістемелік құралдары кафедрада оқытылатын пәндерге сәйкес болу керек.

**СӨЗ АЛДЫ: Айтбаева А.Е.:** Университет оқытушы-профессорларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдарының құжаттары талапқа сай дайындалған. Барлық оқу-әдістемелік құралдарға факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен, кафедраның мәжілісінен көшірмелер дайындалған. Сыртқы, ішкі пікірлері бар. Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу, оқу-әдістемелік құралдарының тізімі:

**1. «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры п.ғ.д Қ.Молдабектің «Бастауыш мектепте қазақ тілін қатысым әдісімен оқыту» және «Академиялық хат»** атты электрондық оқулықтары. Пікір бергендер: 1) Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің профессоры, п.ғ.д. Е.Омар; 2) ОҚМПУ PhD, аға оқытушы А.Ж.Есназар.

**2. «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры п.ғ.к., профессор Р.И.Кенжебекованың «Бастауыш мектепте жинақталған мазмұнды есептерді шығарту», және «Математика негізері»** атты электрондық оқу құралы. Электрондық оқулықтарында қысқаша мәліметтер, зерттелетін тақырып бойынша практикалық жаттығулар мен тапсырмалар орындауға арналған әдістемелік ұсынымдар қарастырылған. Пікір бергендер: 1) Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің профессоры, п.ғ.д. Е.Омар; 2) ОҚМПУ, PhD, аға оқытушы А.Ж. Есназар; 3) ОҚМПУ, п.ғ.к., профессор С.С. Дайырбеков.

**3. Құрастырушы «Әлем тарихы және дінтану» кафедрасының доценті м.а, PhD М.Алдабергенова мен аға оқытушы Г.А.Жадраеваның «Ежелгі дүние тарихы»** пәні бойынша электронды оқу құралы. Электронды оқу құралында лекция тезистері, тест сұрақтары, пән мазмұны, әрбір тақырыпқа сәйкес слайдтар құрастырылған. Пікір бергендер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, PhD Г.Батырбекқызы; 2) ОҚМПУ, т.ғ.к., доцент М.Н.Алдаберген; 3) Ташенев университеті, Тарих және география кафедрасы, т.ғ.к. С.Н.Апашева.

**4. «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доцент м.а., ф.ғ.к. Қ.Д.Бегдаулетова мен PhD, аға оқытушы Т.С.Мантаеваның «Мәдениеттану»** атты электрондық оқу құралы. Пікір бергендер: 1) Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, филос.ғ.к., доцент Қ.Б. Кемелбеков; 2) ОҚМПУ-ң Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының ф.ғ.к., доценті Г.М.Сыздықова; 3) ОҚМПУ, ф.ғ.к., доцент А.Қ. Тұрашбеков.

**5. Құрастырушы «Ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушысы Э.Э.Халмирзаевтың** «**Studiengang Sprachwissenschaften moderne Methoden für zweite Fremdsprache**» атты оқу құралы (104 бет). Жұмысқа сырттан М.Әуезов атындағы ОҚУ «Гуманитарлық мамандықтар үшін шет тілдер» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к. А.А.Суюбердиева пікір берген. Кафедра тарапынан доцент, ф.ғ.к., доцент Г.И.Абрамова және ф.ғ.к. Т.М.Абдуалиев берген пікірлер бар.

**6. «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының п.ғ.д., профессор м.а, Д.Қ.Пошаев, Н.Орынбектің «Оқушылардың экологиялық білім мазмұны мен қалыптастыру технологиясы»** атты оқу құралы (92 бет). Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, биология ғылымдарының кандидаты Е.Исаев; 2) Халықаралық туризм және меймандостық университеті Спорт кафедрасының профессоры м.а., п.ғ.д. Б.Ортаев; 3) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. А.Байбатшаева.

**7. Құрастырушылар «Информатика» кафедрасының доценті э.ғ.к. Н.Ф.Сарсенбиева мен магистр Г.Т.Алимкулованың «Компьютерные системы, сети и телекоммуникация»** атты

оқу-әдістемелік құралы (88 бет). Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Информатика» кафедрасының меңгерушісі, доцент, п.ғ.к. Л.Қ.Жайдақбаев; 2) ОҚМПУ «Информатика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Г.К.Нұрмуханбетова; 3) ОҚМПУ «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к. Б.Ш.Мырзахметова.

**8. «Психология» кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушысы Қойшиев Қ.Е., оқытушы Сейдаева А.Н. «Психология»** атты оқу-әдістемелік құралы (168 бет). Пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Заманауи педагогика және психология» кафедрасының профессоры, п.ғ.д. Г.Ж.Лекерова; 2) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Психология және арнайы педагогика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. А.М. Нұрбекова; 3) ОҚМПУ, «Психология» кафедрасының доцент м.а., п.ғ.к. А.З.Әліпбек.

**9. Құрастырушы «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы Г.К.Уристенбекованың «Қазақ тілі»** атты оқу-әдістемелік құралы (108 бет). Пікір берушілер: 1) Сулейман Демирель атындағы университетінің профессоры, ф.ғ.д. М.С.Жолшаева; 2) Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Б.А.Каримсакова; 3) ОҚМПУ «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Қ.Ә.Ниетбай.

**10. «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. А.Г.Құрбанов пен аға оқытушы, ф.ғ.к. Қ.А.Үкібасованың «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы»** атты оқу-әдістемелік құралының көлемі 7 баспа табақты құрайды. Пікір берушілер:1)М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Филология» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. С.Р.Боранбаев; 2) ОҚМПУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы ф.ғ.к., доцент Б.Қ.Омар; 3) ОҚМПУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы ф.ғ.к., доцент Р.Кажиакбарова.

**11. «Педагогика» кафедрасының PhD доктор, аға оқытушысы А.С.Ортаеваның «Отбасылық көмек көрсету орталықтарындағы әлеуметтік педагогикалық жұмыс»** атты оқу-әдістемелік құралы (104 бет). Пікір берушілер:1) Орталық Азия Инновациялық университеті «Педагогика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. Мунашова Ж.Б; 2) ОҚМПУ, «Педагогика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. Қуатова Ж.Ж.; 3) ОҚМПУ, «Педагогика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Арзымбетова Ш.Ж.

**12. «Информатика» кафедрасының оқытушысы С.Е.Алдешов, магистрант Б.Н.Мырзабектің «Робот техника курсын Arduino жинақтарымен оқыту»** атты оқу-әдістемелік құралы (136 бет). Пікір берушілер:1) ОҚМПУ п.ғ.к., доцент м.а. Адылбекова Э.Т.; 2) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент Жайдақбаева Л.Қ.; 3) ОҚМПУ п.ғ.к., доцент Нурмуханбетова Г.К.

**13. «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Ұ.Ж.Қайырбекованың «Тіл біліміне кіріспе»** атты оқу құралы (128 бет). Пікір берушілер: 1)Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Б.Қ.Омар; 2)Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Ғ.Ө.Танабаева; 3) Орталық Азия Инновациялық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Б.А.Жақыпбеков.

**14. Құрастырушылар «Химия» кафедрасының доценті, х.ғ.к. Н.Т. Шертаева, PhD докторы С.С. Битұрсынның «Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат»** атты оқу құралы (136 бет). Пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ профессоры, х.ғ.к. Г.М.Адырбекова; 2) М.Әуезов атындағы ОҚУ доценті, х.ғ.к. Л.А.Жұрқабаева; 3) ОҚМПУ, доцент, х.ғ.к. Б.Б. Шаграева.

**15. «Информатика» кафедрасының оқытушылары С.Е.Алдешов, Г.Т.Жақыпбекова, Г.Ш.Сабырханованың «Мектепте робот техникасын оқыту әдістемесі»** атты оқу құралы (180 бет). Пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент Л.Қ.Жайдақбаева; 2) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. А.О.Әлиева; 3) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Г.К.Нурмуханбетова.

**16. «Ағылшын тілі» кафедрасының оқытушылары Ж.Б.Рахимгалиева, С.Ж.Балкыбекованың «Профессионально-ориентированный иностранный язык»** атты оқу құралы. Пікір берушілер:1) ОҚМПУ, ағылшын тілінің ф.ғ.к., доценті Г.И.Абрамова; 2)

ОҚМПУ, ағылшын тілінің ф.ғ.к., доценті М.Ю.Шингараева; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ, PhD , «Техникалық мамандықтарға арналған шет тілі» кафедрасының меңгерушісі А.Н.Жорабекова.

**17. «Ағылшын тілі» кафедрасының оқытушысы И.У.Сапарбекованың «English for specific puproses (Third year)»** атты оқу құралы (104 бет). Пікір берушілер:1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, PhD, «Техникалық мамандықтарға арналған шет тілі» кафедрасының меңгерушісі А.Н.Жорабекова; 2) ОҚМПУ, ағылшын тілінің ф.ғ.к., доценті М.Ю.Шингараева; 3) ОҚМПУ, «Ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент м. а. Г.І.Сманова.

**18. «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Қ.Ж.Сапарбаеваның «Әдебиеттануға кіріспе»** атты оқу-әдістемелік құралы (148 бет). Пікір берушілер:1) ОҚМПУ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Т.Қ.Омаров; 2) ОҚМПУ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Н.Халикова; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к., доцент Ж.Қ.Әділбекова.

**19. «Информатика» кафедрасының оқытушылары Л.А. Сулейменова, Э.Т.Адылбекова, С.Е.Алдешов, Б.М.Егембердиевтің «Android studio-да android қолданбаларын әзірлеу»** атты оқу құралы (176 бет). Пікір берушілер:1) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Информатика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент Л.Қ.Жайдақбаева; 2) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Б.С.Қалдарова; 3) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. А.О.Әлиева.

**20. «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры п.ғ.к. Р.И.Кенжебекова мен оқытушы Г.М.Доскараеваның «Жобалау технологиясын бастауыш мектепте пайдалану»** атты оқу құралы (100 бет). Пікір берушілер: 1) Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің профессоры, п.ғ.д. Е.Омар; 2) ОҚМПУ, профессор, п.ғ.д Г.Т.Мусабекова; 3) ОҚМПУ, «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, PhD А.Ж.Есназар.

**21. Құрастырушы «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының ф.ғ.к., доцент Ж.А.Байымбетованың «Қазіргі қазақ тілі»** атты электронды оқу құралы. Пікір берушілер:1) М.Әуезов атындағы мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к. Ж.Әділбекова; 2)Орталық Азия инновациялық университеті п.ғ.к., доцент Б.Ысқақ; 3) ОҚМПУ, доцент, ф.ғ.к. Қ.Ниетбайтегі.

**22. «Информатика» кафедрасының оқытушылары Э.Т.Адылбекова, Л.А.Сулейменова, Г.Е.Кенжееванің «WEB- платформадағы электрондық оқытудың ақпараттық білім беру ортасын әзірлеу әдістемесі»** атты оқу-әдістемелік құралы (88 бет). Пікір берушілер:1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Информатика» кафедрасының меңгерушісі, доцент, п.ғ.к. Л.Қ.Жайдақбаев; 2) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. А.О.Әлиева. 3) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының п.ғ.к., доцент С.Е.Алдешов.

**23. «Ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушы, магистр А.А.Суюндиковтың «Teaching aid for the 1st year students on the discipline grammar with exercises in oral and written speech»** атты оқу құралы (120 бет). Пікір берушілер: 1) ОҚМПУ, «Ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Т.М.Абдуалиев; 2) ОҚМПУ, «Ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. К.К.Калдаяков; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Филология» факультетінің аға оқытушысы, п.ғ.к. А.А.Суюбердиева.

**24. «Химия» кафедрасының оқытушылары П.А.Абдуразова, К.З.Керімбекова «Chemistry of higher molecular compound»** атты электронды оқу құралы. Пікір берушілер:1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, х.ғ.д., профессор С.П.Назарбекова; 2) ОҚМПУ, «Химия» кафедрасының PhD С.С.Битурсын; 3)Шымкент университеті х.ғ.к., доцент Г.М.Изтлеуов.

**25. Құрастырушы «Информатика» кафедрасының оқытушысы Сарсенбиева Н.Ф. «Компьютер архитектурасы және операциялық жүйелер»** атты оқу-әдістемелік құралы (180 бет). Пікір берушілер:1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, п.ғ.к. Л.Қ.Жайдақбаева; 2) ОҚМПУ, п.ғ.к. Э.Т. Адылбекова; 3) ОҚМПУ, доцент Л.А.Сулейменова.

**26. «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының оқытушысы Г.У.Тилеубаеваның «Тұлғаның әлеуметтенуі»** атты электрондық оқу құралы. Пікір берушілер: 1) Доцент, соц.ғ.к., Э.С.Сатыбекова; 2) «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер»

кафедрасының соц.ғ.к., аға оқытушы Б.Е.Сағындықова; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ, ф.ғ.к. А.Б. Шалдарбекова.

**27. Құрастырушылар «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценттер В.Д. Нарожная мен М.И. Кадееванның «Практикум по развитию навыков академического письма»** атты оқу құралы (164 бет). Пікір берушілер: 1) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Орыс филологиясы және әлем әдебиеті» кафедрасының доцентінің м.а., ф.ғ.к. Д.Б. Аманжолова; 2) «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының профессоры Г.Т. Мұсабекова; 3)ОҚМПУ, «Ағылшын тілі» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. М.Ю.Шингарева.

**28. Құрастырушы «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті Г.Б.Махានованың «Литература стран Востока. Практикум»** атты оқу-әдістемелік құралы (96 бет). Пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚМУ, «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. А.А.Джунисова; 2) ОҚМПУ, «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының ф.ғ.д., профессор Н.В. Дмитрюк; 3) ОҚМПУ, «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. У.К.Абдыханов.

**29. «Информатика» кафедрасының оқытушылары Л.А.Сулейменова, Г.К.Нурмуханбетова, А.Б.Ибашова, Л.Р.Миннахмитованың «Scratch ортасында шығармашылық тапсырмалар»** атты жұмыс дәптер (168 бет). Жұмыс дәптерлер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған. Пікір берушілер: 1) ОҚМПУ, «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, PhD А.Ж.Есназар; 2) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. А.О.Әлиева; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Информатика» кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к. Л.Қ.Жайдақбаева.

**30. «Информатика» кафедрасының оқытушылары Л.А.Сулейменова, Г.К.Нурмуханбетова, А.Б.Ибашова, Л.Р.Миннахмитованың «Creative tasks in the environment Scratch »** атты жұмыс дәптер (168бет). Жұмыс дәптерлер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған. Пікір берушілер: 1) ОҚМПУ, «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, PhD А.Ж.Есназар; 2) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. А.О.Әлиева; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Информатика» кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к. Л.Қ. Жайдақбаева.

**31. «Информатика» кафедрасының оқытушылары Л.А.Сулейменова, Г.К.Нурмуханбетова, А.Б.Ибашова, Л.Р.Миннахмитованың «Творческие задания в среде Scratch »** атты жұмыс дәптер (168 бет). Жұмыс дәптерлер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған. Пікір берушілер: 1) ОҚМПУ, «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, PhD А.Ж.Есназар; 2) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. А.О.Әлиева; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Информатика» кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к. Л.Қ. Жайдақбаева.

**32. Құрастырушы «Шетел тілдері» кафедрасының аға оқытушысы М.А.Тайтелиева мен магистр-оқытушы Л.Ш.Қасымбекованың «Practical English»** атты оқу құралы (200 бет). Пікір берушілер: 1) ОҚМПУ, «Шетел тілі» кафедрасының доцент м.а., п.ғ.к. Қ.Қ.Киясова; 2) ОҚМПУ, «Шетел тілі» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. Л.Қ.Қарабаева; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Заманауи тілдер жәнеаударматану» кафедрасының доценті, п.ғ.к. М.Р.Құдайбергенова.

**33. Құрастырушы «Шетел тілдері» кафедрасының аға оқытушысы А.К.Дилдабекованың «English for Musicians»** атты оқу құралы (110 бет). Пікір берушілер: 1) М. Ауэзов атындағы ОҚМУ доценты, ф.ғ.к. М.Р.Құдайбергенова; 2) ОҚМПУ, «Ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент м. а. Г.І.Сманова; 3) ОҚМПУ, ағылшын тілінің ф.ғ.к., доцент Г.И.Абрамова.

**34. «Қазақстан тарих» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Сыздықова Г.М. «Шетелдер тарихнамасындағы жаңа бағыттар»** атты оқу құралы (100 бет). Пікір берушілер:1) Қ.Жұбанов атындағы Актөбе өңірлік университетінің профессоры, т.ғ.д. Ұ.Ш.Исмагулов; 2) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, т.ғ.д Х.М.Тұрсын; 3) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы, т.ғ.к Э.Қ.Мырзалиева.

**35. «Психология» кафедрасының доценті м.а., п.ғ.к. А.З.Әліпбектің «Басқару психологиясы»** атты оқу құралы. Көлемі 10 баспа табақты құрайды. Пікір берушілер:1) «Психология» кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушысы Қ.Е.Қойшиев; 2) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Психология» кафедрасының профессоры, п.ғ.д. Г.Ж.Лекерова; 3) П.ғ.к., аға оқытушы А.М.Нұрбекова

**36. «Информатика» кафедрасының оқытушылары Г.К.Нурмуханбетова, Л.А.Сулейменованың «Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу технологиясы»** атты оқу әдістемелік құралы (196 бет). Пікір берушілер:1) ОҚМПУ, «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, PhD А.Ж.Есназар; 2) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының п.ғ.к., доцент С.Е.Алдешов; 3) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Ж.Н.Аширбаева.

**37. PhD доктор, қауым. профессор м.а. Ж.О. Небесаева, магистр оқытушы Ж.А Ерназаровалардың «Оою өрнек арқылы жас ұрпақты көркем шығармашылыққа бейімдеу»** атты оқу құралы (80 бет). Оқу құралына пікір берушілер:1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Технология және бейнелеу өнері» кафедрасының меңгерушісі п.ғ.д., профессор С.А. Жолдасбекова; 2) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Технология және бейнелеу өнері» кафедрасының философия докторы, PhD қауымдастырылған профессор м.а. Қ.Т.Мұсақұлов; 3) ОҚМПУ, «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының п.ғ.д., профессор м.а. Д.А.Кемешев.

**38. Құрастырушылар Магистр, аға оқытушы Г.Д. Жолдасбекова, магистр оқытушы М.А.Джунисбекованың «Текемет басу өнері»** атты оқу құралы (84 бет). Оқу құралына пікір берушілер: 1) Орталық Азия инновациялық университеті, «Музыка кәсіптік оқыту және дизайн» кафедрасының меңгерушісі, өнертану кандидаты, доцент А.Қ.Ниязов; 2) М. Әуезов атындағы ОҚУ, «Бейнелеу өнері және Дизайн» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Д.С.Болысбаев; 3) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің п.ғ.к., доцент м.а. С.Н.Жаңбыршиев.

**39. Құрастырушы «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының п.ғ.д., профессор м.а. Д.А.Кемешевтің «Бейнелеу өнер туындыларының інжу–маржандары»** атты оқу құралы (95 бет). Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, педагогика ғылымдарының докторы, академик С.Қ.Бейсенбаев; 2) М.Ауезов атындағы ОҚУ, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Т.С.Бүркітбаев; 3)ОҚМПУ, Философия PhD докторы, қауымдастырылған профессор м.а. Небесаева Ж.О. Хаттама жоқ

**40. Құрастырушы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Н.Халикованың «Адам анатомиясы»** атты электрондық оқу құралы. Пікір берушілер: 1) ОҚМПУ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Г.М.Сартбаева; 2) ОҚМПУ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Г.Есентуреева; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты доцент м.а. О.Алшынбаев.

**41. Құрастырушы «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, магистр У.А.Агулыкованың «История Казахстана»** атты оқу құралы (168 бет). Пікір берушілер: 1) М.Ауезов атындағы ОҚУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к. Ж.Е.Молдахметова; 2) ОҚМПУ, «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының проф.м.а., т.ғ.к. Б.Р.Найманбаев; 3) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы, т.ғ.к Э.Қ.Мырзалиева.

**42. Құрастырушылар «Педагогика» кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушысы Ж.Ж.Куатова мен К.И.Махмутованың «Педагогика және тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі»** атты оқу құралы (140 бет). Пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, п.ғ.к. С.Н.Сулейменова; 2) ОҚМПУ, п.ғ.к. Л.М.Әбішева; 3) ОҚМПУ, PhD, аға оқытушы А.С.Ортаева.

**43. «Информатика» кафедрасының оқытушылары Б.С.Қалдарова, А.О.Алиеваның «Компьтерлік графика мен дизайн негіздері»** атты оқу құралы (124 бет). Пікір берушілер: 1) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының п.ғ.к., доцент С.Е.Алдешов; 2) ОҚМПУ п.ғ.к., доцент м.а. Э.Т.Адылбекова; 3) М.Ауезов атындағы ОҚУ, «Ақпараттық жүйелер және модельдеу» кафедрасының доценті п.ғ.к. З.Маханова.

**44. «Информатика» кафедрасының оқытушылары С.Е.Алдешов, Б.С.Қалдарова, Ә.Р.Миятбектің «Робототехника пәні бойынша Lego Mindstorms EV3 конструкторлары негізінде оқу әдістемесі»** атты оқу-әдістемелік құралы (112 бет). Пікір берушілер: 1) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Г.К.Нурмуханбетова; 2) ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. А.О.Әлиева; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Информатика» кафедрасының меңгерушісі, доцент, п.ғ.к. Л.Қ.Жайдақбаев.

**45. Құрастырушылар «Шетел тілдері» кафедрасының доценті м.а., п.ғ.к. К.К.Киясова, магистрант С.П.Аманбаев және Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Әубәкіров атындағы жалпы орта мектебінің физика және информатика пәнінің зерттеуші-мұғалімі Д.Н.Исаховтың «Physics by Bloom's Taxonomy»** атты оқу-әдістемелік құралы (140 бет). Пікір берушілер: 1) Халықаралық туризм және Меймандостық университетінің PhD, докторы А.Қ.Мейрбеков; 2) «Жамбыл Қапбаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп интернаты» КММ, физика пәнінің мұғалімі, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші Ғ.Ж.Оралбеков; 3) ОҚМПУ, «Шетел тілі» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. Л.Қ.Карабаева.

**46. Құрастырушылар «Педагогика» кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушысы Ж.Ж.Куатова мен С.Л.Махмудова және Н.М.Шарапованың «Педагогика и теория методика воспитательной работы»** атты оқу құралы (136 бет). Пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, п.ғ.к. С.Н.Сулейменова; 2) ) ОҚМПУ, п.ғ.к. Л.М.Әбішева; 3) ОҚМПУ, PhD, аға оқытушы А.С.Ортаева.

**47. Құрастырушылар «Педагогика» кафедрасының п.ғ.к., профессор м.а. Ш.Ж.Арзымбетова және магистр, оқытушы А.Ғ.Тоқтасынованың «Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар»** атты оқу құралы (192 бет). Пікір берушілер: 1) ОҚМПУ, «Педагогика» кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушысы Ж.Ж.Куатова; 2) ОҚМПУ, «Педагогика» кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушысы К.И.Махмутова; 3) М.Әуезов атындағы ОҚУ, доценті, п.ғ.к. Г.А.Нурудинова; 4) М.Әуезов атындағы ОҚУ, аға оқытушы, п.ғ.к. Л.А.Булетова.

**48. Құрастырушылар Н.А. Сандыбаева, Э.А.Орынбетова «ЛЕКСИКОЛОГИЯ. ЛЕКСИКОГРАФИЯ. ФРАЗЕОЛОГИЯ»** атты оқу құралы (100 бет). Пікір берушілер: 1) ОҚМПУ, «Орыс тілі» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. И.М.Кадеева; 2) ОҚМПУ, «Орыс тілі» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Е.С.Мезенцева; 3) Мирас университетінің доценті, ф.ғ.к. Д.М.Кистаубаева.

**49. «Биология» кафедрасының б.ғ.к, доцент А.А. Успабаева, магистр аға оқытушы А.З. Маметованың «Molecular biology»** атты оқу-әдістемелік құралы (68 бет). Пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Биотехнология» кафедрасының профессоры, б.ғ.д. Б.Ш. Кеделбаев; 2) ОҚМПУ, «Биология» кафедрасының PhD, аға оқытушысы Г.А. Утегенова; 3) ОҚМПУ, «Биология» кафедрасының б.ғ.к., доцент Р.У.Мамыкова.

**50. «Информатика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Г.Т.Жақыпбекованың «Мобильді қосымшаларды программалау: Java»** атты оқу құралы (80 бет). Пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ, п.ғ.к., доцент Ж.Д.Изтаев; 2) ОҚМПУ, п.ғ.к., профессор С.С. Дайырбеков.

**51. «Химия» кафедрасының доценті, х.ғ.к. А.Е.Битемирова және магистр, химия пәнінің мұғалімі Н.А.Абдикаюмованың «Химиядан талапкерге көмекші құрал»** атты оқу-әдістемелік құралы (244 бет). Пікір берушілер: 1)ОҚМПУ, «Химия» кафедрасының доценті, х.ғ.к. Н.Т. Шертаева; 2) М.Әуезов атындағы ОҚУ, х.ғ.к. М.Н.Ермаханов; 3) ОҚМПУ, доцент, х.ғ.к. Г.М.Баймаханова

**52. «Химия» кафедрасының оқытушылары Ғ.М.Мәдібекова мен Д.Х. Юсупованың «Аналитикалық химия. Сапалық анализ курсы»** атты оқу құралы (220 бет). Кітап жоқ

**53. «Химия» кафедрасының доценті, х.ғ.к. А.Е.Битемированың «Органикалық химия»** атты электрондық оқу құралы. Пікір берушілер: 1)ОҚМПУ, «Химия» кафедрасының доценті, х.ғ.к. Н.Т. Шаграева Б.Б.; 2) М.Әуезов атындағы ОҚУ, х.ғ.к. М.Н.Ермаханов; 3) ОҚМПУ, доцент, х.ғ.к. К.З.Керимбаева Кітап жоқ

**5. ШЕШІМ:**

1. Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын.

2. «Қазақстан тарих» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Сыздықова Г.М. «Шетелдер тарихнамасындағы жаңа бағыттар» атты оқу құралы және «Психология» кафедрасының доценті м.а., п.ғ.к. А.З.Әліпбектің «Басқару психологиясы» атты оқу құралы университеттің Ғылыми Кеңесіне ұсынылсын

**Төраға** **А.А. Кудышева**

**Хатшы** **Айтбаева А.Е.**